

Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 565 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 31 наурызда № 9844 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне коммуналдық, инженерлік желілер мен тораптарды жүргізу мен пайдалану мақсатында, Қостанай қаласы Гашек көшесі 1/4 мекенжайында орналасқан жер учаскелеріне қауымдық сервитут келесі объектілер бойынша белгіленсін:

"Бокс мектебі ғимаратына сумен жабдықтаудың инженерлік коммуникацияларының құрылысы", жалпы алаңы 0,0421 гектар;

"Бокс мектебі ғимаратына электрмен жабдықтаудың инженерлік коммуникацияларының құрылысы", жалпы алаңы 0,0670 гектар;

"Бокс мектебі ғимаратына канализация инженерлік коммуникацияларының құрылысы", жалпы алаңы 0,1589 гектар.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

К. Ахметов